



Жауыртау етегіндегі толқу

**Теміртау оқиғасының 65 жылдығына
библиографиялық жадынама**

011
Ж 35

Ж 35

Жауыртау етегіндегі толқу. Теміртау оқиғасының 65 жылдығына библиографиялық жадынама /Теміртау орталық кітапханасы: құраст. К.Жанашева. – Теміртау.- 2024.- 16 б.

**Теміртау қаласының орталықтандырылған
кітапхана жүйесі КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлімі**

Жауыртау етегіндегі толқу

**Теміртау оқиғасының 65 жылдығына
библиографиялық жадынама**

Теміртау, 2024

ОҚЫРМАНҒА

Күллі Кеңес Одағында бес жылдықтың балғасы **«Қазақстан Магниткасына!»** деп солқылдата соғылды. Түкпір-түкпірден студенттер мен еріктілер өздеріне картадан ғана таныс қазақ даласына қарай пойызбен ағылды.

Осыдан 65 жыл бұрын Теміртауда Қазақстан Магниткасы құрылысшыларының тұрмыс жағдайының нашарлығына наразылығы милициямен қақтығысқа ұласып, адамдар мерт болған. Теміртаудағы қанды қақтығыс туралы ұзақ уақыт бойы айтылмай келді...

1959 жылы тамыздың 1-інде басталып, үш күнге созылған тарих бетіндегі «тыртықтың» шымылдығы 90-жылдардың басында ғана там-тұмдап түріле бастады.

Ақпараттық-библиография бөлімі **«Жауыртау етегіндегі толқу»** туралы библиографиялық жадынама құрастырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі материалдар мерзімдік басылымдардан алынды.

Жадынаманы құрастыру барысында электронды каталог пен интернет қолданылды.

Қалың оқырман жұртшылыққа арналған.

Бәрі, сонау 1958 жылы Теміртауда салынып жатқан металлургиялық комбинаттың Бүкілодақтық екпінді комсомол-жастар құрылысы болып жарияланғанынан басталды. Күллі Кеңес Одағында бес жылдықтың балғасы **«Қазақстан Магниткасына!»** деп солқылдата соғылды. Түкпір-түкпірден студенттер мен еріктілер өздеріне картадан ғана таныс қазақ даласына қарай пойызбен ағылды.

Сонау 1959 жылғы тамыздың алғашқы үш күнінде өткен қанқұйлы Теміртау оқиғасына да 65 жыл болады. Бұрынғы Одақ тарихына **«Теміртау оқиғасы», «Теміртау ереуілі», «Теміртау көтерілісі», «Теміртау бүлігі»** деген атпен енген осынау қаралы күндер отандық тарихымызға сол күйі еш талғаусыз көшірілді. Отандық басылымдарда Теміртау оқиғасын тәуелсіздік ұшқыны-мыс сынды бағалаған бірді-екілі материалдар да жарық көріп жатты. Оған да селт еткен жан болмады. Соның салдарынан күні-бүгінге дейін Теміртау оқиғасы жөнінде екі ұшты пікір қалыптасып, қоғамдық санаға дендеп енген жайы бар. Расында да Теміртауда сонау 59-дың тамызында не болып еді? Көтеріліс пе? Ереуіл ме? Оқиға ма? Әлде бүлік, не жаппай тәртіпсіздік пе? Бүгінгі таңда отандық БАҚ-та осының бәрі де жарыса қолданылып жүр. Алайда, осы тақырып жайлы жазылған ақпараттар пен құжаттар оқиға деп сипаттайды. Онда оқыс оқиға болды, мылтық атылды, кісі қолынан ондаған, керек десеңіз, жүздеген адам қаза болды.

1960 жылы 26 наурызда бекітілген айыптау қорытындысында «... 1959 жылғы 2-3 тамызда оқ атудың қарқындылығынан 10 мыңға дейін атыс патроны, ал 2 мыңға жуық бос патронды әскери қызметшілердің конвой күзетшілері мен милиция қызметкерлерінің шығындағанын көрсетіп отыр» деп жазылған. Оның салдары қандай қырғанға әкеп соққанын санап білу қазір оңайға соқпайтыны мәлім. Өйткені, деректер көзі жоқ... Мұрағаттарда құндақтаулы күйде жатыр...

Халқын қорғауға міндетті әскерилеріміз бен милициямыз бейбіт халыққа мылтық кезенді. Ешкайсының ақ-қарасын айырмады. Бұл Теміртау оқиғасының ең бір

нәзік, осал тұсы дер едік. Өйткені, «оларды атуға бұйрық берген кім?» деген сауалдардың сауалына әлі күнге жауап қайтарылған жоқ. Сол кездері жаппай қару қолдануды тек Мәскеу шешетін... Соған қарамастан, Теміртау оқиғасына кінәлі адам ретінде Қазақстанның Ішкі істер министрі Ш.Қабылбаев таңдалды. Бұл құрбандық еді. Таңдау Мәскеудікі еді. Оған облыстық ішкі істер басқармасының басшысы Н.Любых қосақталды.

Атыс оқиғасы 2 тамыз күні тіркеледі. Бұл - сол тұстағы ресми БАҚ беттерінде жарияланған мәліметтерден алынған деректер. Оған кейінгі уақытта да ешқандай өзгеріс ене қоймады. Көзге шұқып тұрып, Шырақбек Қабылбаев демесе де, жалпақ жұрт солай түсінді, әлем солай қабылдады. Совет адамдары тек 4 тамыз күні ғана естіді. Оның өзінде ұзынқұлақ арқылы.. Кейіндеу бұзақылық оқиғасы деп ұсынылды. Ал, әлемдік БАҚ саяси оқиға деп қабылдады. Бұл жағдайда кінәні КСРО Орталық Комитетінен іздеуге тура келер еді. Оның өзінде бірінші басшысынан... Сондықтан, советтік идеология оқиғаны «жаппай тәртіпсіздік» деуден танбады, сол негізде кінәлілерді бұлтартпай тапты. Сөйтіп, оқиғаға кінәлі ретінде әмірі күшті СОКП да емес, советтік элита да емес, қаскөй бұзақылар да емес, өз қателігін қалай жасырудың амалын іздеген партия советтік милицияны айыптап, Шырақбек Қабылбаевты құрбандыққа шалады. Сөйтіп, СОКП ОК жаппай қару қолдануға бұйрық берген адамды тапты. Коммунист Ш.Қабылбаев бұл ұйғарыммен келіседі деп ойлады. Келіскен жағдайда ол бар-жоғы жұмыстан шеттетілетін еді. Тіркемеге алынған Н.Любых та қарсы болмайды деп ойлады. Ешкім де оларға ауыр жаза беруді ойлаған жоқ. «Кінәлі» жандарға батқаны өздерін орынсыз қаралағандары еді. «Бақсақ бақа екен» деген дейін, бәріне кінәлі милиция екен. Адал коммунист бәрімен келіссе де, осынау тұжырыммен келісе алмады. Сол-ақ екен, советтік жазалау аппараты іске кірісіп-ақ кеткен. Қайткен күнде Қабылбаевты кінәлі қылып шығару керек еді. Бұл жолда олар бәріне барды. Қоқан-лоқы да жасалды. КСРО Бас әскери прокуратурасының аса маңызды істер жөніндегі әскери тергеушісі, әділет полковнигі Грековтың

астамшылығы да істі орнынан қозғай алмады. Он томдық **«Дело по обвинению Кабылбаева Ш. и Любых Н.Н»** деген іс анау-мынау емес, 5068 беттен тұрады. Осы істің көптеген көшірмелері Ш.Қабылбаевтың жеке мұрағатында сақталған екен. Жасыратыны жоқ, гүлденген Қазақстан Магниткасында жағдай күрмеулі болатын. Комсомол құрылысына Одақтың түпкір-түпкірінен жастар ағылып жатты, Олардың ішінде қылмыстық элементтер де аз емес еді. Үйлестіру жұмысы ақсап жатты. Қолдары бос жастар еріксізден күндерін ішімдік ішумен өткізді. Соған орай тұрмыстық кикілжіңдер де жиі болған. Құрылысқа келген жастар мидай араласып кеткеннің орнына өз арасында оқшаулыққа барған. Топ-топ болып бөлшектенген. Оның үстіне Болгариядан жолдамамен жас жұмысшылардың келуі істі одан әрі шиеленістіре түскен. Өйткені, жергілікті билік оларға барлық жағдайды жасауға ұмтылған. Мәселен, асханада бірінші болып солар тамақтанған. Қалған ел оның соңын тосып тұратын болған. Моншаға түскенде де солай еді. Қалған жұрт шатырларды паналағанда оларға қолайлы баспаналар бөлінді. Бұл элеуметтік теңсіздік көпшілікке қыжыл болып жабысқан. Ерте ме, кеш пе ол сыртқа шығуы тиіс болатын.

Теміртау оқиғасын көзбен көргендердің естеліктерінің бәрі «көтерілістің» тууына себеп болған нәрсе жаңа табиғи ортаға үйрене алмай, ауыз судың жетімсіздігі, төмен еңбекақы, асханадағы сапасыз түскі ас, дүкенде керек-жарақтың болмауы және тұрғын үй проблемасының шешілмеуі дегенге саяды. Сол жылдары жүргізуші болып еңбек еткен Владимир Зыков, сол оқиғаны былайша еске алады:

– Мен комсомолдық жолдамаман деревнялы жерден келгенмін. Бүліктің шығуы жағдайдың жоқтығы мен тамақтың нашарлығынан емес деп ойлаймын. Себебі Теміртаудағы жағдай Ресей селолары мен деревняларымен салыстырғанда, әлдеқайда артық деуге болатын. Себеп басқада: екпінді құрылысқа бағыт алған комсомол жастарды қатаң іріктеу болмады, ниет еткен кім көрінгеннің бәріне жолдама берілді. Еріктілердің арасында бұрын сотталғандар мен арамтамақтар, екі қолын қайда

қоярын білмей жүрген еріккендер мен үлкен ақша табамыз деген есек дәмемен келгендер көп болды. Барлығын палаткалы, вагонды қалашыққа әкеп төгіп, үстерінен бақылау орнатқан жоқ. Жұрт арасында жұмыс істеудің орнына карта ойнау, арақ ішу, ұрлық-қарлық, төбелес, жын-ойнақ жасау етек алды.

«Төңкерісті» тудырған себеп, немесе Павел Гурылев деген тағы бір жүргізушінің сөзі: – Ол бір өте қиын кез еді. Ауыр, оның үстіне түгел қолмен атқарылатын жұмыс үшін күніне 1 сом 70 тиыннан төлейтін. Асханадан тамақтану ақырет еді, ол үшін әр бригадadan бір адам таң атпай кезекке тұруы керек. Палаткалы қалашықта адамдар ортаға от жағып, қара суға құрғақ рожки пісіріп жейтін және сол отқа шұлғау кептіретін. Кейде қара су таппай, кейде борсып кеткен су ісуге тура келеді. Ет емге табылмайтын. Картоптың өзі тапшы, басқа жеміс-жидекті айтпағанда. Әрі палаткада 40 адам бір-бір жұқа көрпемен ұйықтайтын, оның үстіне ас ішіп-тұруымыз ақылы еді, - дейді.



Тамыздың 1-күні асханадағы ашық наразылықтың соңы ашулы топтың лап қойып, дүкендерді, базарды, асхананы тонауына ұласты. Спирт пен тамаққа қарық болған бүлікшілер ол аздай қалалық милиция бөлімін (ол кезде осылай аталған) қоршауға алды. Білектеріне қызыл шүберек байлаған қаптаған халықтық дружина жастарды

тоқтатуға күш салды. Бірақ қызынып алған қарсы жақ тас пен таяқ жаудырған соң, олар шүберектерін шешіп тастап, қалың топтың арасына сіңіп кетуге мәжбүр болды. Әскерлер қалың топқа қарсы оқ жаудыруды бастады. Митингіге шыққандардың қарасының көптігі соншалық, не болып, не қойып жатқанын сырттан бақылау мүмкін емес еді. Жастар «универмагті» тонап жатты. Барлық өлгендерді экскаватормен қазған терең шұңқырға көміп, бульдозермен тегістеп тастапты деп естідік. Әйтеуір өлгендердің көп болғаны анық. Себебі бей-берекет атылған оқ кез келген адамды жұлып түсіретіндей еді. Осындай тәртіпсіздіктер мен жүгенсіздіктер үш күнге созылды.

Бүлікті ұйымдастырушыларға ашық сот болып, бес адам ату жазасына кесілді. Жалпы, бүлік кезінде ресми мәлімет бойынша 11 адам оқиға орнында қаза болса, бесеуі ауруханада көз жұмады.

Теміртаудың осынау ахуалынан бәрі хабардар еді. Өйткені, бұл ахуал облыстық партия жиынында талқыланады. Өкінішке қарай, облыстық партия комитеті құлағы қылтиып тұрған бүлікті көргілері келмей, ілкімді шаралар белгілеп, жүзеге асыра алмаған еді. Бұдан хабардар да бейхабар Алматы мен Мәскеу істің аңысын бағудан аспады. Оқиға басталғанда жергілікті басшылық барлығы да бақылауда деп елді тыныштандырумен болды. Алматы мен Мәскеу оған самарқау қарады. Әрине, шенеуіктердің құлағы Теміртауда еді. Қалаға сырттан қыруар әскер кіргізген де солар еді. Бүлікті басуға қарағандылықтардың өз күші де жеткілікті болатын. Әскери құрамалар әлеуеті жеткілікті еді... Орталық неге қарағандылық әскерилерге сенбеді? Олар қарағандылық әскерилер жерлестеріне қару көтермейді деп сескенді. Сондықтан, әскерді сырттан енгізуге мәжбүр болды. Ал, ондай пәрменді тек Мәскеу ғана бере алатын. Демек, Орталық білді. Ерте ме, кеш пе, Теміртауда оқ атылатынын. Әскерді сол үшін кіргізді. Алдымен, жұмысшыларға әлеуметтік жағдай жасау Ішкі істер министрлігінің құзыретіне жатпайтыны белгілі, екіншіден, қалада тәртіптің нашарлағаны туралы болгар жұмысшылары дабыл қаққан кезде-ақ министр

Қабылбаевтың Теміртаудағы милиция бөлімінің штат санын ұлғайту туралы ұсынысы аяқсыз қалған, үшіншіден, қару қолдануға бұйрық берген Қабылбаев емес еді... Ш.Қабылбаев мемлекет қайраткері ғана емес, үлкен саясаткер де еді. Соған орай, ол тергеу барысында сабырлылық танытты. Сол уақытпен қабыспайтын өз пікірін іште ұстауға ұмтылды. Қалайда «өгіз өлмейтін, арба сынбайтын» жағдайды ойластырды, соған жете алды. Ол өзі адал партияға сөз келтірмеуді ойластырды. Советтік милицияны орынсыз жаладан құтқаруды бірінші кезекке қойды. Жалған жаладан қорғану генералға оңайға түскен жоқ, білімді, тегеурінді азамат сотта адвокаттың көмегінсіз ақиқатты айтып, өзінің бұл істе кінәсінің жоқ екенін дәлелдеп шығады. Соның өзімен-ақ ол милиция органының таза екендігін көпшілікке ұғындыра алды. Ел күткен үкім де шықты. Қабылбаев та, Любых та толығымен ақталды. 1967 жылы екінші мәрте Қазақстанның Ішкі істер министрі болып тағайындалды. Л.Брежневтің қолдауымен генераллейтенант шеніне дейін жетті.

Теміртау қалалық тарихи-өлкетану мұражайында Теміртау оқиғасының 60-жылдығына орай бұрыш дайындалған еді. Онда шынайы буржуйка пеші, сол кездері тамақ ішуге пайдаланылған металл ыдыс пен күркелерден құралған қалашықтың суреті бар. Музейде оқиғаны бейнелейтін деректі сурет аз. Облыстық архивтен алынған бүліктен кейінгі суреттер ғана бар. Музей қызметкерлері бұл тақырыпты ондаған жыл бойы қозғамаудың салдарынан 1959 жылы тамызда болған оқиға туралы толық материал жинау қиын екенін айтады.

Сол, 1959 жылы тамыздың 1-інде басталып, үш күнге созылған тарих бетіндегі «тыртықтың» шымылдығы 90-жылдардың басында ғана там-тұмдап түріле бастады. Алдағы уақыттарда құқықтанушы ғалымдар мен тарихшылар алып құрылыстағы осы келеңсіз оқиғаның себеп-салдарын әлі де болса зерттеп оң баға береді деп үміттенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Лұқпан, Е. Тұғыры биік Теміртау [Мәтін] / Е. Лұқпан, А. Ақын, Т. Смағұл.- Қарағанды: Қарағанды Полиграфия, 2005.- 248б.

Ақын, А. Жауыртау етегіндегі толқу : саяси-көпшілік басылым / А. Ақын, Е. Лұқпан // Орталық Қазақстан. - 2005. - 28,30 шілде; 3,4 тамыз.

Лұқпан, Е. Тұғыры биік Теміртау: /Қазақстан Магниткасының тарихынан/ // Орталық Қазақстан. - Қарағанды.- 2006.- 25 қараша.- 1-3 б.

Қызылов, М. Құндақтаулы құпия құндылығы [Мәтін]: [Теміртау оқиғасына 60 жыл] // Ortalyq Qazaqstan.- 2019.- 1 тамыз (№83).- 4 б.

Қызылов, М. Теміртау оқиғасы: оқ атуға бұйрық берген кім? [Мәтін]: [1959 жылғы Теміртау оқиғасы жайлы] // Egemen Qazaqstan.- 2019.- 1 тамыз (№146).- 8 б.

Теміртау қақтығысы [электронды ресурс] қол жеткізу режімі: <https://e.history.kz/kz/publications/view/2699>

Бондарь, А. Мятёжным событиям в Темиртау - 60 лет [Текст]: [материалы о бунте 1959 года в Темиртау] / А. Бондарь // Вечерняя газета.-Темиртау.- 2019.- 24 июля (№30).- С.1-3.

Бондарь, А. Мятёжным событиям в Темиртау - 60 лет [Текст]: [о событиях 1959 года // Вечерняя газета. - Темиртау.- 2019.- 24 июля (№30).- С.1-3.

Бондарь, А. Подробности темиртауского бунта от

очевидца [Текст]: [о бунте 1959 года в Темиртау] // Вечерняя газета. - Темиртау.- 2019.- 31 июля (№31).- С.15-17.

ОК: Победа көшесі, 12 үй
телефоны: 8(7213) 98-47-60
ОК сайты: www.kulturatem.kz
e-mail: tcsqb@mail.ru